

## Мен - бұрғышымын

### Ұстаздарым

Бисенғалиевтар әулетінің табаны Атырау өңірінің Қызылқоға, Қарабау, Тайсойған жерлеріндегі Қаракөл елдімекені. Ол жерде арғы аталарымыздың сүйегі жатыр. Бұл-Қазақ мұнайының аталары болып саналатын марқасқаларды өмірге әкелген өңір. Негізінен мал шаруашылығымен айналысқанымен, жастары революциядан бұрын табыс іздеп Доссордағы ағылшындар жаңа бастап игеріп жатқан мұнай кенішіне келіп жұмысқа тұрған, оқыған, жаңа кәсіпті игеріп көтерілген, мұнай өндірісінің зор болашағы бар екенін сол кездің өзінде-ақ сезе білген. Ұрпақтарын сол кәсіпке баулыған, оқытқан. Біздің әулет те сол алдыңғы көштен қалмай 1938 жылы Сағыз мұнай кәсіпшілігіне көшіп келеді. Бұл Ақтөбе облысынан бастау алатын Сағыз өзенінің ең аяғында, үлкен сорларға (Бесбөлектің сорларына) келіп құйып суы тартылатын жерінде, Мақат пен Доссордың ортасында орналасқан мұнайшылар ауылы. Ауылымыздың аты ауызекі тілде «промсыл Сағыз» деп аталатын «Сағыз мұнай өндіру кәсіпшілігі». Біздің әулеттің мұнай тарихына қадам басуына ұйытқы болған Тапырыш көкем екен. Ол 1939 жылы Гурьевтегі мұнай техникумының бұрғылау бөлімін «өте жақсы» деген бағамен аяқтап, жолдамамен Сағызға мұнай ұңғыларын қазу үшін жіберілген жас маман еді. Тапырыш көкемнен Бисенғалиевтардың мұнайшылар династиясы бастауын алды. Өкінішке қарай Тапырыш көкемді 1940 жылы армия қатарына шақырып, арты Ұлы Отан соғысына ұласты. Тапырыш көкем сол сұрапыл соғыстан оралмады, Польша жерінде тұтқындар лагерінде опат болды. Біздің әулеттің ең бірінші бұрғылау маманы Тапырыш көкем, содан кейін менмін. Әрине, әулетімізде мұнайшылар көп қой, алған білімі бойынша кәсіби түрде мұнай ұңғымаларын бұрғылаумен шұғылданған Тапырыш көкем, содан кейін мен, біздерден кейін осы мамандықты жалғастырғандар, біздің әулеттің бұрғылау мамандары жеткілікті. Менің анам Балжан 1939 жылы 16 жасынан жұмысқа тұрған атақты мұнайшы маман, алғашқылардың бірі болып соғыс кезінде америкалық дизель-генераторды (сол заманның ең озық техникасы, америка елінің «ленд-лизинг» бағдарламасы бойынша біздің елге көмекке берілген) меңгерген жоғары дәрежелі машинист, оның алдында мұнай өндіруші оператор болған. Көптеген үкімет наградаларына ие, көпшілігі соғыс кезіндегі табысты еңбегі үшін берілген. Көп шәкірт тәрбиелеген, шәкірттері соңғы кезге дейін анамды естеріне алып әңгімелеп отыратын. Ал Сағыз мұнай кәсіпшілігіне соғыстың нағыз қызып тұрған шағында, 16 жасында, 1944 жылы үйренуші стажер болып орналасып, ең соңғы таратылатын

уақытына дейін еңбек еткен, сол мекеменің ең соңғы басшысы менің Құлымғара ақкөкем. Ұжымның комсомол, кәсіподақ, партия ұйымдарына жетекшілік жасап, керек кезінде аздаған уақыт ауылдың кеңесіне де төрағалық жасап, сол мұнай кәсіпшілігінің, жұмысшы халықтың барлық жағдайынан хабардар болды, қолынан келгенінше жақсы басшылық жасады, халықтың мақтауына ие болған басшы болды. Әулетіміздің басы Бисенғали атам. Руы Ысық, оның Жақсыбайы, оның Қодаш бөлімінен. Конфискацияға дейін дәулетті болған. Мұсылманның бес парызын қаза қылмаған, діни білімді, арабша еркін жаза да, оқи да алатын. Молдалығы да болды, қасиетті Құранды үнемі оқып, көшіріп жазып отыратын. Латынша, жәдидше, орысша да оқи да, жаза да алатын сауатты адам. Балаларының барлығына дерлік білім алуларына жағдай жасап оқытқан. 1969 жылы 9 наурыз күні 92 жасында дүниеден озды, бейіті Сағыз ауылының сыртындағы қорымда.

Сәби кезімнен, көзімді ашқалы, көргенім мұнай өндіретін қондырғылар (станок- качалкалар) болатын. Туған ауылым қарт Ембінің Ұлы Отан соғысының алдында ғана ашылған мұнай кеніштерінің бірі еді. Мұнайы жоғары сапалы, көгілдір түсті, өте сұйық. Тайыз тереңдіктен шығады. Сол кездегі кейбір айтушылардың айтқандарына қарағанда соғыс кезінде ешқандай өңдеп жатпай-ақ самолеттерге мұнайды тікелей құйып ұша берген дейді, мүмкін, шын да болар. Бұндай әңгімелерді мен есейген кезде де көптеген ардагер мұнайшылардан талай мәрте естігенмін, олардың мақтаншақтық жасап жалған айтулары мүмкін емес. Еліміздің абыройын асқақтатқан көптеген атақты мұнайшылар шыққан ауыл еді, 1987 жылы мұнай қорының азаюына байланысты елді мекеніміз жабылды, бірақ мұнай өндірісі тоқталған жоқ, вахталық әдіспен мұнайын өндіріп алу 2015 жылға дейін жалғасты. Құлағымызға да, санамызға да бала кезімізден сіңіп қалған әңгімелердің көпшілігі, тіпті барлығы десек те болады, тек мұнайшылар, олардың жеткен жетістіктері мен сіңірген еңбектері, абырой-атақтары, өндірістің жағдайы жайында болатын. Марқұм менің Бисенғали атам үнемі айтып отырушы еді: «Мұнайдың ИЕСІ болады, ол - АЛЛАМЫЗ, және де мұнайдың КИЕСІ де болады, шимұрындар да мұнай шыққан жерде көп болады» деп. Білетін де болар, атам білмеген нәрсесін айтпайтын адам ғой. Ауыл жастарына үлгі болған, ерен еңбектерімен еліне адал қызмет жасаған біздің ауылдың мұнайшылар династияларын атап өтпесем болмас, көпшілігі отанымыздың ең жоғарғы наградаларын бірнеше мәрте иеленген, арттарынан ұрпақтары даңқты істерін жалғастырғандар: Есмағанбетов Досқали, Жұмабаев Мерген, Кенжеғалиев Сағынғали, Долдановтар, Алиев Сүйеу мен Құлжан, Жамауов Орынғали мен Қыдырбай, Бағыт Ботағариев, Мұқанғалиев

Қабдол, Есберген мен Қадыр Қайырлиевтар, Қаби Оразғалиев, Сабуғалиев Қажымұрат, Құрманқұлов Қойшекен, Жаңаберген Матайбаев, Атағозиев-Бисенғалиевтар, Атшыбаевтар ... . Бұл әулеттердің барлығының да арттарынан өрген ұрпақтары қазір Қазақстан мұнайының мақтаныштары. Бір қызығы біздің ауылдан бір де бір «Еңбек Ері» шықпағанымен, еңбектегі жетістіктері үшін берілетін «Ленин» орденінен бастап отанымыздың жоғары наградаларының барлығын да алған мұнайшылар көп болатын.

Бастарын бір иіп, бір көтеріп, жерге сәлем етіп, тағзым етіп тұрған адамдай ұдайы жұмыс жасап тұратын кішкене станок-качалкалардың үстіне мініп ойнап өстік балалық шағымызда. Әрине, қозы-лақтарды қырға шығарып жайып жүріп, қырдың үстіндегі қызғалдақтарды теруге шыққанда, Сағыз өзенінің тұзды суына шомылуға барғанда, операторлар көрмей тұрған кезді аңдып тұрып мініп алатын едік. Ауылымыздың іргесіндегі «Северный» деген учаскеде көбіне кішігірім жеңіл СКН-2, СКН-3 деген тайыз тереңдіктен мұнай шығаруға жарайтындай станок-качалкалар болатын. Қазіргі кездегілермен салыстырғанда баланың ойыншығы сияқты. Ауылға жыл сайын барғанымда сол «ойыншықтардың» әлі күнге дейін, иіліп-бүгіліп елімізге адал қызмет жасап тұрғанын көріп қуанып қаламын. Біздің балалық шақтың әткеншегі еді олар, қазіргі балалардың «качелиі» сияқты. Сондай ортада өскен балалардың басқа мамандықты таңдай қоюы екіталай нәрсе, ішінара болмаса. Біздің ауылдың көпшілік баласы, жастары елімізге әйгілі, атақты мұнайшылар болып шықты, жоғары білім алды. Барлығы дерлік мұнайшылар династиясын жалғастырған өкілдер еді. Қаншама Кеңестер Одағының жоғары наградаларын иеленген майталмандар шыққан ауыл еді, менің Сағызым. Менің өмірім де олардан басқаша болуы мүмкін емес еді. «Екіншінің баласы арық қазып ойнайды» демей ме?

Шағын ауыл болғандықтан ба, әлде біздің ауылдың бағына тап болған мұғалімдер сондай болды ма, қайдан білейін, бір білетінім бізді оқытқан мұғалімдерден білім алған жастардың осал болғанын көрмедім. Мұғалімдеріміздің абыройлары, халық алдындағы беделі өте жоғары болатын, ауылдың үлкен-кішісі түгелдей алдарында тік тұрып сыйлайтын.



Сағыз. 4 класс оқушылары, солдан оңға қарай мен, Әлиев Мейрамбай(марқұм), Қошанов Бердібай ағай(класс жетекші), Сабұғалиев Мақсым, Аманғалиев Сатыбалды(марқұм).



Алматы. 1972ж. КазПТИ, мұнай факультетінің әртүрлі курста оқитын Сағыздық жастар. Ортада Сағыздағы мектеп директорымыз Муса Көшербаев.

Сағыз ауылы мен Қошқар ауылындағы мектеп-интернаттағы мұғалімдерімнің, о дүниелік болғандарының аруақтарына басымды иіп

тағзым етіп есіме алғым келіп отыр: Көшербаев Муса, Қошанов Бердібай, Жиде Түлкібаева апай, Қапиза Төреханова апай, Бәлкен апай, Қаншайым апай, Таишев Кенже, Дүйсешев Сәрсен, Кейкішев Досан ... , қазіргі кезде ортамызда жүрген Өтебаева Ағия апай, Сейітов Камалилер еді біздерге сапалы білім берген ұстаздарымыз. Олардан білім алған ауылымыздың жастарының талаптанғандары, тұрмыстық жағдайлары келгендері, сол кездегі Кеңестер Одағының түкпір-түкпірінен(Москва, Ленинград, Ивано-Франковск, Баку, Уфа, Алматы, Грозный, Гурьев ...) іздеп жүріп жоғары білім алды, барлығына жуығы, әрине, мұнайшы болып шықты. Қазіргі заманда сол балалардың өздері, одан кейінгі әулеттері еліміздің түкпір-түкпірінде мұнай саласында абыройлы еңбек етіп, көпшілігі басшы орындарда, мұнай өндіретін басқармаларды, компанияларды басқаруда.

Есімді білгелі бері, Алматыға оқуға кеткенше, біздің ауылда жаңадан мұнай ұңғылары бұрғыланған емес. Сондықтан да мен бұрғылау қондырғысының жұмыс жасап тұрған «тірілей» түрін көрген емеспін. Ауылымыздың шет жағында, жалпақ сордың арғы шетінде, бір төбенің басында «Разведка ауыл» дегеннің көшіп кеткен жұрты болатыны есімде. Сол жұрттан «ара дөңгелек» тауып алуға болатын еді де, балалар сол көшіп кеткен ауылдың орнына сондай бір нәрселерді іздеу үшін ғана баратынбыз. Сол манда ағаштан жасалған бұрғылау мұнарасы бар болатын, тек біреуі ғана қалыпты. Төбесіне дейін шығатын қалың ағаштан қиып жасалынған баспалдақтары да болатын. Тек мұнараның қаңқасынан басқа ешқандай жабдықтарын, дүниелерін қалдырмаған. Сондай бір мұнара Қошқар елді мекенінде де тұрған. Бір замандарда тап осындай мұнаралардың темірден жасалынған, бұлардан әлдеқайда үлкен, қуатты түрімен жұмыс жасаймын деген ой үш ұйықтасам да түсіме кірмепті. Есімді білгелі жоғары оқу орындарында білім алып келген біздің ауылдың жастарының барлығы да мұнай іздеуші емес, мұнай өндіруші инженерлер болатын, немесе геолог, немесе механик, әйтеуір, іштерінде бір адам бұрғылау инженері болыпты дегенді естімеспін. Алматыда оқып жүргенімде ауылға келгенде баяғы ағаш мұнараға басқаша көзбен қарап, ол мұнарамен қалайша жұмыс жасағандарын ауылдың ардагер қарт мұнайшыларынан талай рет сұрастырғанмын да. Ертеректе ағаш мұнараны атан түйелермен сүйреп жүріп бір орыннан екінші орынға алып барады екен. Азапты жұмыс қой.

Менің бұрғылау саласының оқуына түсуім ойда жоқ жерден болды. Құлымғара ақкөкемнің берген кеңесі бойынша мен институттың құжат қабылдайтын бөліміне барлық құжаттарымды мұнай өндіру мамандығы бойынша оқуға тапсырдым. Ақкөкем ауылдан шығарда қатты тапсырған еді:

«Қарағым, мұнай өндіруші инженер болуың керек, немесе геолог бол. Ал бұрғылаушы, барлаушы(геологоразведчик) дегендерге жолама, олардың көрген күндері күн емес, өмірлері өмір емес, ылғи дала кезіп қаңғумен жүреді, сақал-шаштары өскен, көбіне орыстар осы жұмысты жасап жүреді» деп. Ақкөкемнің ақылынан асып қайда барамын, тап солайша тапсырдым құжаттарымды. Ауылдан сол жолы біраз балалар келгенбіз, барлығы да сондай ақылмен шыққандар ғой үйлерінен. Көпшілігіміз тапсырған құжаттарымызға сәйкес оқуларымызға түстік. Мен де солармен бірдеймін. Бәріміз бір группаға тап болдық. Қуанышта шек жоқ. Бір айдай оқығаннан кейін бұрғылау мамандарын дайындайтын группаға адам аз түскен болып шықты да, негізінде ол группаға ер балалар қабылдануы тиіс болса, әлдебір себептермен қыздар да қабылданыпты. Енді сол бұрғылау мамандарын дайындайтын группаға түскен қыздарды мұнай өндірушілерді дайындайтын және геология бөліміне ауыстырып, орындарына біздерді жіберді. Біздің группадан біраз баланы сол қыздардың орындарына ауыстырып жіберді. Ішінде мен де бармын. Біздің ауылдың барлық баласы бір группада, өздерінің таңдаған мамандықтары бойынша оқуда да, ал мен болсам, біздің ауылдан жалғыз өзім бұрғылау мамандығы бойынша оқитын болып шықтым. Бұл оқуды оқымаймын деп айтуға шамам жоқ, орысша сауатым да өте нашар болып дінкем құрыды. Деканатқа барып жағдайымды айтып көріп едім, ешкім құлақтарына қыстырғысы да келмеді. Ішімнен ақкөкемнің айтқан болашақта күтіп тұрған қаңғыған өмірді де ойлап қоямын, қолдан келетін дәрмен жоқ еді. Сөйтіп жүргенде жаңа группадағы балалармен де достасып үлгердім, бойым біртіндеп үйреніп те қалды. Маңғыстаудан келген ересек жігіттер, біраз уақыт бұрғылау алаңдарында жұмыс жасап тәжірибе жинақтаған сақа жігіттер(оқуға бұрғылау мекемелерінен өндірістік жолдамамен келген, өмір көрген) менің жаман ойымның барлығын жоққа шығарды. Оларға мен сабақ жөнінен көмектесемін, көбісі өндірістен келген, мектеп бағдарламасынан қарайып қалғандар еді, ал олар маған бұрғылаудың қызықты тұстарын әңгімелейді. Не керек, мен енді оқуымды ауыстырмайтын болып шештім, тағдырыма жазылғаны осы болса көріп алайын деген ой келді. Бұрғылауда да мен сияқты ет пен сүйектен жаратылған адамдар жасайтын шығар, менің олардан нем кем деген ойға әбден бекіндім. Бір білгіштердің айтулары бойынша, ең бастысы қолыңда дипломың болса болғаны, мұнайдың айналасындағы қай салада да жұмыс жасап кетуге болады деп те жұбатты мені. **Сонымен мен бұрғылау саласының маманы болу үшін оқитын болдым, геолог-барлаушылық өмірге алғашқы қадамым осылайша кенеттен, ойда жоқ жерден жасалды.** Бұл шешіміме өкінген кезім болған емес. Алайда ақкөкемнің айтқандары түгелдей дұрыс

болмады деп те айта алмаймын, себебі, артынан жұмысқа тұрғаннан кейін, өндірістік тәжірибе жинақтау кезінде бұрғылау бригадаларында жұмыс жасағанда талай рет байқадым да ғой, айтқандарының кейбір тұстары шындыққа да жақын екенін өз көзіммен талай рет көрдім де. Ақкөкем суреттеген заман мен мен көрген уақыттың арасында бірталай уақыт өтсе де барлаушы бұрғылаушылардың өмірінде көп өзгеріс бола қоймапты. Әрине, цивилизация оларға да келген, бірақ сәл кештеу сияқты болып көрінді маған ол кезде.

Ең алғашқы рет жұмыс жасап тұрған бұрғылау қондырғысын екінші курстан кейін жазғы «ознакомительная практикада» Жаңа Өзен қаласындағы, сол кезде Н. Ә. Марабаев басқаратын «Бұрғылау Жұмыстары Басқармасына»(УБР) келгенде көрдім. Өте қорқынышты болып көрінді маған. Бұндайды бұрын көрмеппін, төбеңнен төмен қарай құлап келе жатырған сом темірлер, құлақты жаратындай тарсыл-гүрсіл, ешкім ешкімді естіп, түсініп болмайтындай бір әлемге кіріп кетіп, шығатын тесік таба алмай қиналдым. Бұл көргенім «БУ-75Э» деген электр қуатымен жасайтын, шуы онша көп емес шағын ғана(үлкен тереңдіктерге қазуға арналмаған) бұрғылау қондырғысы екенін артынан білдім ғой, оқуымды бітіргеннен кейін тұрақты жұмыс орыныма орналасқаннан кейін. Осының өзі де мені бірталай қорқытып тастап еді. Ал нағыз үлкен қондырғыларды, қуат көзі өте қуатты бірнеше дизельдер(қуаты 450-700 аттың күші бар 7-8 дизельдері бар, 250-300 тонна салмақ көтере алатын қуатты, қуатына сай өте үлкен бұрғылау қондырғылары) болатын, өте үлкен тереңдіктерге қазуға шамасы еркін жететін «Уралмаш-3Д» қондырғыларының тарсыл-гүрсілін, мен ол кезде білмейтін де едім. Сондай қуатты қондырғының ішінде еркін жүріп жұмыс жасайсың, сондай алып қондырғыны бір кездерде ұршықша үйіріп басқарасың десе мен сол кезде сенбес те едім. Бірақ, тап солай болып шығып, мен саналы өмірімді сондай қуатты қондырғылармен жұмыс жасауға арнағаным өмір шындығы екенін мен қазір жақсы білемін. Ол заманға жеткенге дейін әлі көп уақыт бар еді, оған жеткенше мен бұндай тарсылға да, шуға да әбден үйреніп болған болатынмын. Бәріне де уақыт керек.

Сонымен, үшінші курстан бастап негізгі мамандығымыз бойынша сабақтар басталды. «Бұрғылау» кафедрасының жетекшісі Әмин Сәбитович Аманқұлов, техника ғылымдарының кандидаты. Бойы аласа, басы үлкен, қасқабас, маңдайы кере қарыс, шашы бұйралау. Қаталдау мінезі бар. Асықпай жәй сөйлеп, сабақты жақсы түсіндіреді. Бастапқыда лекция оқыды, артынан семинарлық сабақтарды да қоса оқытты. Атыраудың Жылыойында, кәрі Ембінің мұнайын барлауға, бұрғылауға көп үлес қосқан, өндірісте

бұрғышы, шебер, инженер болып тікелей қолмен жұмыс жасаған, ғылым мен тәжірибені ұштастырып жүрген бірден бір маман ғалым, өз ісінің шебері. Арамыздағы өндірісте жұмыс жасап келген бұрғышы жігіттермен өндіріс жөніндегі әңгімелері жарасып қалатын, оларды барынша қолдап, кей кездері кеңшілік жасап, үнемі қолдау көрсетіп жүретін. Біз сияқты «бесіктен белі» енді шыққан, бұрғылаудың иісі мұрындарына да бармайтын «сарыауыз балапандарға» қатал болатын, қатты сұрап, көп қылтың-сылтыңға жібере қоймайтын. Ол кісіні басқа мұғалімдердей алдаусыратып кетуге ешкімнің дәті бара қоймайтын. Өндірісте шындалып қалған нағыз «Көкжал» болатын, бұрғылау саласында, өндірісте талай «көкжалдармен» арпалысқан, өмірдің ыстық-суығынан өткен, осы саланың баға жетпес маманы, тәжірибелі «Ғалым-КОРИФЕЙІ» болатын марқұм ұстазымыз. Қазіргі кездегі, сол замандағы да, Қазақстан мұнайын табуға, еселеп көбейтуге үлесін қосып жүрген бұрғылау саласының инженер мамандарының көпшілігі өздерін осы ҰСТАЗДЫҢ тәлімін алған шәкірттеріміз деп мақтанышпен айтып жүреді. Елімізде бұрғылау саласында сапалы білім беріп көп шәкірт дайындаған Әмин Сәбитович Аманқұловтай практик-ғалым жоқ шығар. Еліміздің бұрғылау саласының АТАСЫ десе де жарасар еді. Есте сақтау қабілеті өте таңқаларлықтай еді. Ұстазымызға байланысты кейбір жағдайларды жазып қоюды жөн санадым. Кейбір көңілді кездерінде біздермен әзілдесіп күлуге де «кет әрі» емес болатын. Бір күні, семинар сабақтары енді ғана бастала бастаған кез, практикалық семинар сабағы болатын лабораторияға біздің группаның студенттері жиналып сабақтың басталуын күтіп отыра бастадық. Лабораторияда сөрелерге орналастырылған, еденде де тұрған көптеген бұрғылау саласындағы әртүрлі жағдайларға, жұмыстарға арналған(ішінде апаттық жағдайларда қолданылатын түрлі құрал-саймандар, долото-кашаулар) құралдар көп болатын. Көпшілігін танымаймыз да, көрмеген дүниелер. Солардың бірі ұңғыда қалып қойған темірлерді алып шығуға арналған қуатты магнит болатын, оның қасында кішкене ғана, әдемі ойыншық сияқты, долото(диаметрі өте кішкентай ұңғыларды қазуға арналған, немесе пайдалану құбырының ішінде жұмыс жасауға арналған) тұрды. Ойымда ешқандай бөтен ой жоқ, жай ғана әуесқойлықпен әлгі долотоны магнитке сәл жақындатуым мүмкін екен, магниттің қуатының күштілігі сонша, бастау ұстап тұрған қолымдағы долотоны магнит өзіне қарай қалай жұлып алғанын байқамай да қалдым. Өте күшті магнит екен, солай болуы да керек екенін өндіріске келгенде түсіндім ғой, іс жүзінде пайдаланып жүргенімде. Сондай күші болмаса, үлкен тереңдікте жатырған ауыр салмақты металл сынықтарын, қалдықтарды ұстап, одан кейін жолай түсіріп алмай жоғары алып шыға алмас еді ғой. Содан мен әлгі долотоны



магниттің қақпанынан тартып шығара алмай біраз әуреге түстім, маңдайымнан тер шүмектеді, қатты қиналдым. Жасаған әрекеттерімнен еш пайда болмады. Әуреленіп жүріп айналада не болып жатырғанымен де, уақытпен де шаруам болмапты ғой. Ұстаз келмей тұрғанда тезірек шығарып алмақ болып жанталастым, ұятқа қалғым келмеген түрім еді. Бірақ үлгермешпін, сабақтың уақыты болып, лабораторияға ұстазымыз кіріп, Әмин Сәбитовичтің менің артымда тұрып үнсіз бақылағанына бірталай уақыт болыпты, бір мезгілде: «Ойпырмай, қара адамның қызарғаны қызық болады екен ғой, қазақтар айтушы еді «Қараның қаны шыққанша, сарының жаны шығады» деп, терлепсің ғой» деген дауысты естігенде барып мен есімді жиып айналама қарасам, студенттердің барлығы орындарында отыр, ұстаз менің артымда тұр, барлығы менің жанталасыма үнсіз қарап, тамашалаған сияқты, бұл «концерттің» қаншаға созылғанын кім білсін. Артынан жолдастарымның айтулары бойынша ұстаз лабораторияға жай басып, өзінің күнделікті әдетімен, кіреді де, менің шұқшиып арпалысып жатырғанымды байқап, қалған студенттерге саусағын еріндеріне тигізіп, үндемендер деген белгі беріп, менің артыма келіп байқап тұрыпты. Марқұм ұстазымыздың сол тұрысы әлі көз алдымда, өзінің басы қазандай болып, ақ маңдайы жарқырап, тәлтиіп тұратын әдеті болатын еді. Бұл жолы да тап солай тұр екен. Қандай күш пайда болғанын қайдан білейін, әлгіге дейін қолыма дұрыс ілінбей, шарошкалары шыр айналып уысыма ұстатпай тұрған долотом ілезде босап шыға келді. Абыройым бар екен, ұятқа қалмаған сияқтымын. Ұстаз бұл оқиғаға аса көп мән беріп мені қинамады, сол сабақты магнитті бұрғылауда не үшін, қалай пайдалану керектігі жөніне арнады. Сол заманда мектептің математика сабақтарында, жоғарғы класстарда, логарифмикалық линейканы пайдаланып әртүрлі қиындықтағы есептерді шығаруды үйрететін. Логарифмикалық линейканы пайдалана білу дегеніңіз қазіргі кездегі компьютерді пайдалана білу деген сияқты озық ойдың өресі сияқты болатын. Әмин Сәбитович біздерге сабақтары басталған бойда бірден ескертті: «Маған қағазға жазып есеп шығаратын «бумажный инженерлер» керек емес, бәрің де логарифмикалық линейканы пайдаланатын болыңдар» деп. Абырой болғанда мен бұл сынаққа жақсы дайын болатынмын, бұны ұстазымыз да байқаған сияқты. Төртінші курстан кейін диплом жұмысына дайындық үшін қажетті материалдар жинақтауға арналған «преддипломная практика» деген өндірістік тәжірибеге, үш ай өндірісте жұмыс жасауға, баратын болдық. Оның алдында студенттерді бұрғылау жөнінде сабақ беретін мұғалімдер бөліп-бөліп алып, олардың әр қайсысына қандай материал жинастыру керектігі жөнінде ақыл кеңес беріп, қорғайтын диплом жұмысының тақырыбын айтады, сол тақырыпқа байланысты өндірістік тәжірибеден

өтетін өндіріс ошағына жолдама береді. Мені Әмин Сәбитович өзінің қарамағына алыпты. Бұл дегенің өте мақтанарлық жай, ол кісі көп студенттерді өзінің қарамағына ала бермейді, санаулы ғана балаларды таңдап алады екен. Көп бала да ала бермейтін көрінеді. Сондай таңдау маған бұйырды. Ол кісі мені өзіне шақырып алып дипломымның тақырыбын түсіндірді. Сол кезде енді ғана өндіріске жаңа еніп жатырған «Турбобуры на шаровых опорах марки А9Ш, А6Ш» жаңа техника болатын. Бұндай техника әзірге Қазақстанның бұрғылау басқармаларына келе қоймаған, пайдаланғаны жөнінде ешқандай материалдар жоқ еді. Сондықтан, қасымдағы жолдасым Қуаныш Бисенқұлов екеуімізді, РСФСР-дағы Волгоград облысы Коробково қаласындағы бұрғылау басқармасына жолдамамен жіберді. Өндірістік тәжірибеден өтіп, дипломыма қажетті(екінші жағынан ұстазымыздың өзінің де сол жаңа техникаға қызығушылығы бар екенін жасырмады бізден) материалдар жинау үшін аттанып кеттік. Бұл маған артылған үлкен сенім еді. Материалдарды жақсылап жинастырып келдік, ұстаз риза болды, диплом да жақсы жазылды, қорғалды. Өзі менің диплом жұмысыма жетекшілік жасады. Диплом жұмысын ойдағыдай жазып, сызып, қажетті ғалымдарға рецензия жазғызып алып бәрі дайын болған кезінде менің диплом жұмысымды қорғайтын мезгілімді көп кейінге қойып қойыпты. Диплом жұмысым дайын, ешқандай басқа жұмысым жоқ, бос уақытым өте көп. Сондықтан қасымдағы жолдастарымның дипломды қалай қорғайтындарын тамашалаймын, соларға жанкүйер боламын, қорғап болғаннан кейінгі «жуу» үшін жасалатын дастархандарына көмектесемін. Әрине, «жууға» да бір кісідей ат салысамын. Жолдастарымның қалай қорғайтындарына қатыса-қатыса әбден әккі болып алдым, барлық қойылатын сұрақтарды жатқа білетін болдым. Артынан ойласам, ұстазым мені, мүмкін, осындай дайындық үшін де артына қойған болар, қорғаған жігіттерді қарап үйренсін деген де болар. Кім білген?! Айтайын деген ойым бұл жөнінде емес, күнде қорғауға қатысып жүріп қорғап шыққан жігіттерді ұстазымыз әдейі келіп құттықтап, қолдарын қысып, ақ жол тілеп кетеді. Сәл ерте қорғаған жігіттер бар, сол күні қорғап шыққан жігіттер бар, солардың арасында әлі кезегім келмеген мен де бармын, ұстазға қолымды ұсынсам ол кісі менің қолымды алмайды, ауызекі амандасады да қояды. «Мен әлі бұрғылау инженері болмаған жігіттерге қол бермеймін» деп қыстырып қоятынын ұмытқан жоқпын. Әзілі ғой. Мен қорғап болған бойда сол аудиторияның ішінде орнынан тұрып келіп қолымды алып құттықтады: «Енді инженер болдың, қолыңды қысуыма болады» деді. Диплом қолға тигесін жолдамамен киелі Маңғыстау еліне қарай жол тарттым. Бұл 1974 жылдың жазы еді. Содан кейін ұзақ уақыт Алматыға қарай жолым түспепті. 2001 жылы октябрь айында Алматыда

жылда өтетін «Мұнай өндірісінің жетістіктері» көрмесіне Ғиззат Өтешұлы Балмұқанбетов, Сағымбай Қызылұлы үшеуіміз қатыстық. Көрме жұмысының арасында уақыт тауып өзіміз оқыған институтымызға бардық. Қазіргі кезде Қ.И.Сәтбаев атындағы Ұлттық Техникалық Университет. Мұнай институтының бұрғылау кафедрасына бас сұқтық. Алдында Алматыға жиі барып тұратын жігіттерден естігенмін, ұстазымыз зейнетке шыққасын аз уақыт демалыста болыпты, бірақ университет басшылығы ол ғалымның өз саласында баға жетпес маман екенін ескеріп жұмысын жалғастыруын сұрапты, кафедра басшылығына тағайындапты. «Бұрғылау» кафедрасына келіп есік қағып ішке кірдік. Отырған жастау оқытушылардың арасынан Әмин Сәбитович асықпай баппен тұрып бізге келді де: «О-о, барлаушылар, амансындар ма, қайдан жүрсіндер?» деп қолымызды қысып, жылы қарсы алып амандасты. Біздерді таныды. Ғиззат Өтешұлын ол біледі ғой, жиі араласып тұратын сияқты. Ал біздер Ғиззекен сияқты жиі келмейміз, бар уақытымыз жұмыста өтеді дегендей. Таң қалмасқа амал жоқ. Біздер оқу бітіріп кеткелі бері қаншама су ақты, қаншама жылдар өтті арада, қаншама студенттер өтті ұстазымыздың алдынан десейші!



Әмин Сәбитович, Ғиззат Өтешұлы, мен. Алматы. КазПТИ «Бұрғылау» кафедрасы. Қазан 2001ж.

Есте ұстау қабілеті тамаша екенін баяғыда жақсы білетінбіз, бірақ одан бері ол кісі қартайды ғой, жасы ұлғайды, жасарып келе жатырған жоқ қой. Ол кезде біз жас жігітпіз, ал қазір жасы елуден асқан, өмірдің ыстық-суығынан өткен, бұрғылау басында шындалған жігіт ағасымыз. Жақсы әңгіме дүкен құрдық, біраз нәрсенің басын шалдық. Бізді ертіп бұрғылау лабораториясында семинар сабағында отырған үшінші ме, әлде, төртінші ме,

курстың студенттерінің алдына алып барды, бізді таныстырды. Кафедраның ішінде дастархан жайғызып шай берді. Марқұмның жаны жаннатта болғыр, керемет адам еді ғой. Айтайын дегенім, сондай керемет ұстаздың алдынан сабақ алған бұрғылау инженерлеріміз біздер. Кездейсоқтық па, әлде менің маңдайыма жазылған тағдырым солай ма, білмеймін, әйтеуір бір білетінім, осындай керемет ұстаздың алдына алып барған бірінші курстағы группамның, мамандығымның өзімнің еркімнен тыс, кенеттен, ойда жоқ жерден ауысып кетуіне мен өте ризамын. Егерде мен өзім құжаттарымды о баста тапсырған мамандығым бойынша оқи бергенімде бұл ұстазыммен кездеспес те едім ғой, алдағы өмірімде де талай жақсы адамдармен кездеспес едім, жұмыстас болмас едім, олардан тәлім-тәрбие алмас та едім. Тағдырым ғой мені сол жолға салған. Ризамын. Университеттен шығып өзім жатқан №7 жатақхананың төртінші қабатындағы №85 бөлмеге, өз бөлмеме бардым, орналасқан жас жігіттермен сөйлестім. Бұл бөлмеде біздер бес бала жатып оқығанбыз, бітіргенше бірге болдық: Бисенқұлов Қуаныш (Гурьев, Сарықамыстан келген, екеуіміз Волгоградта бірге жұмыс жасадық, домбырашы күйші жігіт), Сәлімгерей (Қалау) Нысанов (Гурьевтің өзінен келген қаланың баласы, гитарамен сүйемелдеп жақсы ән салады, жақсы сурет салады, ағылшынша жақсы оқи алады, ауылынан ылғи кептірілген балық келеді ), Бақытжан Ғалиев (Семей, Аягөз, Шары жақтан келген, балуан, лақап аттары, тұмсығының сұлбасына қарай қойылған, « Ломидзе, Мкртчян»), Қомшабай Қойсарин, Маңғыстау, Тұщықұдықтан келген, әкесі Адай уезінің ревкомының мүшесі болған ветеринар Сарғожаев Қойсары. Қомшабай екеуіміз КЭ «МНГР»-ға бірге орналастық, келіншегі Құмарды бірге алып қаштық, футболшы, ауылынан ылғи сүрленген ет, қатырылған қызыл қуырдақ келетін, қазір арамызда жоқ, марқұм болды. Бірінші курста маған жатақхана берілмегендіктен мен бір жылдай пәтер жалдап жаттым, бірнеше рет Алматының әр қиырынан ақысы арзан пәтерлер тауып, ауыстырып жүргенім бар болатын. Орысша білмейтін ауылдың баласына пәтер иелері орыстармен бірге тұру қиын болды, сабақ кеш аяқталатын кездері қаланың бір шетіндегі пәтеріңе жетудің өзі қиын болатын, талай қаланың тентектерінен таяқ та жедім ғой. Бірақ бұл өмір маған жақсы сабақ болды, ысылдым, ширадым, пістім. Бұл маңызды емес, маңыздысы ұстазымды соншама жылдар өткеннен кейін аман-сау күйінде көріп, амандасқаным, әңгімелескенім, оның бізді танығаны, жылы қарсы алғаны. Тап осындай оқиға тағы да бір рет болып еді менің өмірімде. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарының ортасында мен жолым түсіп туған ауылымның орнына бардым, аталарымның басына дұға оқыдым. Ауылым сірә да жоқ. Интернатымды көрейін, болса өзіме сабақ берген мұғалімдеріме сәлем беріп қайтайын деп

Қошқар ауылына да бардым. Интернатым тұр, жағдайы кеткен, халыққа тұрғын үй қылып беріпті. Қазір интернат емес екен.



Қошқардағы осы интернат үйінде 1966-69ж.ж.оқыдым. 2008 жылғы күйі осындай. Сол жақтағы подъезде ер балалар, оң жағында қыз балалар орналасқан еді.

Мектебіме барсам оның да оңып тұрғаны шамалы, шөгіп кетіпті. Бірақ іші мұнтаздай таза, тыныш, балалар сабақта отыр екен. Қарт мұғалімдер жоқ, ылғи жастар. Сол кездің өзі өте нашар уақыт еді ғой, елдің еңсесі түсіп кеткен заман болатын. Сұрастырсам, бұрынғы мұғалімдерден ауылда қалғаны(көпшілігі басқа жерлерге көшіп кеткен, кейбіреулері «иті жоқ ауылға» да кетіп қалған) тек Таишев Кенже ағай екен. Үйіне барсам ол кісі жоқ, ауылдық кеңеске әлдебір құжат алу үшін кетіпті. Балаларын мазаламай өзім іздеп баратын болдым сол кеңеске. Танитын, өзім интернатта оқыған ауыл ғой. Ауылдық кеңеске бардым, дәлізбен келе жатырмын, қай бөлмеде отырғанын да білмеймін, сұрастырып көрейін десем дәлізде ешкім көрінбейді. Бір мезгілде бір бөлмеден таныс дауыстың гүрілдеп шыққаны естілді. Тани қойдым. Африкадағы саваннада арыстанның гүрілдеп, күркіреп шығатын дауысын теледидардан талай естігенмін, тап сол арыстанның гүрілінен аумады-ау, аумады. Тіпті өте қуатты трактордың гүріліндей десе де болады. Талай естіген, шырт ұйқымыздан оятып, жылы төсегімізден жұлып алатын гүріл еді ғой бұл гүріл. Жарықтық баяғыша гүрілдеуде екен-ау. Гүрілдеген дауыстың иесін әзірге көрген жоқпын, тек дәлізден естіп қуанып тұрғаным ғой. Таныс дауыс шыққан бөлмеге кірдім, іште үш адам отыр. Бәрін де шырамытамын, жыға тани алмай тұрмын. Бірақ ішінде мен іздеген Кенже ағайым жоқ сияқты. Бір мезгілде алдымда отырған құртақандай мыжырайған қарт адам, денесіне сай келмейтін гүрілдеген маған таныс дауыспен: «О-о, Бисенғалиев, амансың ба, қайдан жүрсің біздің елде?»

деп орнынан тұрып келе жатты. Таң қалмасқа амал жоқ. Құшағымды жайып барып құшақтап амандастым. Құрттай ғана шал болыпты, баяғы бәріміз, интернаттың тентектері қорқатын құдыретті Кенже Таишев ағай. Мәз болып қуанып сол жерде бірталай әңгіме айтылды. Басқа жағы қызықты емес, үйіне шақырып қонақасы жеуімді өтінді. Мен уақытымның жоғын айтып кешірім сұрадым. Өзін іздеп келгеніме қатты қуанды, айналасындағыларға мақтанышпен қарап қоқиланды. Біздер интернатта болғанда ол ағай күндізгі мектептегі сабағынан басқа интернатта тәрбиеші де болатын. Мектептегі беделді мұғалімдердің көпшілігі интернаттың тентектеріне көз қырын салып тәрбиелейтін. Қорықпайтын адамын сыйламайтын әр ауылдың тентектері жиналған интернатты осындай қатал адамдар болмаса басқалар басқара алмайтын да еді. Кенже ағай көп жыл мектеп директоры болған адам, біздер интернатқа оқуға келердің алдында сәл бір келеңсіздік үшін орнынан түскен екен. Сол ағайымыз таңертең ерте интернаттың сыртқы есігінен кіре бере: «Әй, Қазанбас, Маздың шопыры, Құмар, қайдасындар, тұрдыңдар ма ұйқыдан?» деп жорта гүрілдей кіретін. Қазанбас дегенің біздің класстағы Сабырғали, Маздың шопыры дегенің төменгі класстағы ірі қара бала Кенжебайлардың лақап аттары. Бұлар ағайдың «любимчиктері», әдейі соларға тиісіп, қажап ойнап жүретін әдеті. Қораға арыстан кіріп кеткендей болып бәріміз де жылы көрпенің астынан атып тұрып бірінші қабаттағы жуынатын жерге қарай шаба жөнелеміз. Ағайдың қолында міндетті түрде бір орам газет болады, сол бүктелген орама газетпен жолында кездескен біздерді құйрығымыздан тартып жібереді. Ұйқың шайдай ашылады. Талай тентектерді тезге салған газет орамдары ғой, ағайымыздың қолында ол орамдар үлкен қару болып шыға келетін. Ағайдың бір қолы шынтак тұсынан шығып па, әлде сынып па, белгісіз, қисық болып біткен. Газет орамы үнемі сол қисық біткен қолда болады, сол қисық қолдан біз қатты сақтанатынбыз. Тентектік жасап алдына жауап беру үшін келіп тұрғаныңда сол қисық қолдың қалай жылдам газет орамын сілтеп қалғанын байқамай қалатын едік. Нағыз боксерлердің «боковой удары», ешқандай қорғаныш үлгере алмайсың. Ондай кезде газет орамы қомақтылау, салмақтылау, тығыз оралған болып шығады. Ал жай күндері босаңдау, салмағы жоқ жай орам ғана болатын, тек өзінің әдеті бойынша сілтеле салатын. Еркелете сілтенетін. Мен интернаттың «интернат кеңесінің» төрағасымын, көпшілік жағдай менен сұралады (ішкі тәртіп, тазалық, кезекшілік ...). Газет орамасының жеңіл, ауыр екенін менен жақсы білетін бала жоқ, маған қарай талай сілтенген «боковойлар» ғой. Ағайымның дауысының баяғыдай күркіреп тұрғанына бір қуансам, сол қиын заманда (тоқсаныншы жылдардың ортасы деген біздің елге өте ауыр тиген жылдар еді ғой, бәріміз де басымыздан өткіздік қой ол заманды) ағайымның

«тышқаншылап»(арыстаннан күш кетсе тышқаншылап кетеді деген бар ғой), әңгімелері ұсақталып(ауылдағы тұрмыстың қиындығын біреулерден көріп, ауыл-үйдің арасындағы ұсақ әңгімелерге бой алдырып, күйкі тіршіліктің шылауында) кетпегенін, баяғы өзім қорқып та, сыйлап та жүретін биіктіктен көрінгеніне тағы қуандым. Әңгімесі салиқалы, дауысы қандай ірі, қуатты шықса, айтқан ойлары да соған сай еді. Міне, таңқаларлық зерде деп осыны айту керек, есте сақтау қабілеті тым ерекше ғой. Таң қалдым. Мен оқу бітіріп кеткелі қаншама су ақты, қаншама уақыт өтті, оның алдынан мен сияқты қаншама ауылдың тентектері өтті?! 1969 жыл қайда, тоқсаныншы жылдардың ортасы қайда?!

Міне, осындай екі ҰСТАЗЫММЕН ұзақ уақыт өткеннен кейінгі кездесулерімді есіме алдым. Осындай ҰЛАҒАТТЫ ҰСТАЗДАРЫМ болғанына мақтанамын!!! Әрине, бұл жерде мен өзіме Сағыз ауылындағы жеті жылдық мектепте бастап білім берген, оқуға үйреткен, білім алуымның бастауында тұрған, оқу білімге құштарлығымды оятқан алғашқы аяулы ұстаздарымды жазған жоқпын, олардың менің өмірімдегі алатын орындары өте жоғары, олар: Көшербаев Муса ағай, Қошанов Бердібай ағай, Түлкібаева Жиде апай, Төреханова Қапиза апай.

Міне, сонымен қолымда «Бұрғылау инженері» деген дипломыммен, өндіріске берілген жолдамам бар мен киелі, 360әулиелі, елінде Бекет Ата секілді күллі мұсылман әлемінің ПІРІ мәңгілік тыныштық тапқан Маңғыстау еліне сапар шектім. АЛЛАМА сыйынып, Бисенғали атамның аруағы қорғай гөр деп тартып кеттім. Жолдамам Маңғыстау мұнайының қара шаңырағы аталатын КЭ «МНГР» мекемесіне берілген. Бүкіл ел осылайша атайды, тек солай айтсаң ғана түсінеді. Дұрысында бұл орысша атауы: Комплексная экспедиция «Мангышлакнефтегазразведка». Қазір де солай. Бірақ соңғы атауы «Маңғыстау геология» Акционерлік Қоғамы. КЭ «МНГР» мен соңғы атауының арасында көптеген басқа атаулар да болды, заманның, нарықтың талабына сай түрлі өзгерістер болды ғой, атаулар да сол өзгерістерге сай таңдалды. Бірақ ежелгі ел, Маңғыстаудың байырғы елі ол мекемені баяғы атымен атауын қоймайды, солай айтсаң ғана түсіне қояды.

1974 жылдың октябрь айында келіп орналастым. КЭ «МНГР»дің құрамында екі терең бұрғылау экспедициясы және басқа да көптеген басқармалары(мұнара құрастыру, ұңғыларды сынау, ұңғыларды бекіту, автотранспорт, ауыр техникалар, құрылыс, жұмысшыларды жабдықтау бөлімі, өндірісті жабдықтау базасы, бірнеше елді мекендердегі ірі жүк қабылдау, сақтау базалары гидрогеологиялық іздестіру экспедиция ...) бар

өте үлкен ұжым екен. Өндірісті жабдықтау-қамту базасы(БПО) құрамындағы механикалық цехтың өзі кішігірім завод сияқты(сол замандағы жаңа қондырғылармен жабдықталған) еді, бұл мекеме артынан УПТОиК болып аталды(бір жылдары мен осы мекемеге де басшылық жасағанмын). Бұлардың барлығы да өз міндеттерін атқарып тұрғандарымен, ең басты мекемелер болып есептелетіні екі терең бұрғылау экспедициялары екен. Қалғандары солардың қажеттіліктерін өтеу үшін, солардың дұрыс жұмыс ырғағын қалыптастыру үшін керекті басқармалар екен. Екі экспедицияның атаулары: Жетібай Мұнай Барлау Экспедициясы(халық ЖНРЭ деп қысқаша атайды)-орналасқан жері Жетібай ауылы, Қарақия Мұнай Барлау Экспедициясы(халық арасында КНРЭ деген атауымен белгілі)-орналасқан жері Ералиев (қазіргі Құрық) ауылы. Көп тоқтала қоймағанмен, КЭ «МНГР» мекемесінің Маңғыстау халқы үшін алатын орны ерекше мекеме екенін айтпасақ болмайды. Маңғыстаудың ойының қойнауындағы мұнай мен газ сияқты құнды байлығын тапқан осы мекеме, оның ішінде ЖНРЭ экспедициясы.

КЭ «МНГР»-дің атақтарын жазып жатпаймын, барлығы да талай басылымдарда көп жазылған. Х. Өзбекқалиев басқарған ұжымда Кеңестер Одағының сол кездегі барлық жоғары атақтарын иеленген атақтарынан ат үркетін керемет мамандар жұмыс жасап жүрген. Х.Тажиев-бас инженер, Ж.Сәлімгереев-транспорт жөніндегі орынбасар, В.П.Токарев-бас геолог, В.В.Нечаев- геология бөлімінің басшысы, Х.Өтебалиев- бас технолог, Қ.Үмбеталина-бұрғылау ерітіндісі жөніндегі инженер, Н.М.Петров-өндірістік бөлімнің басшысы. Бұлар осы үлкен ұжымның басында тұрған басшы, білікті, өндірісті бес саусағындай білетін мамандар еді. Геологиялық барлау ісінің жілігін шағып майын ішкен «ғұламалар» ғой. Бұлардың барлығы жөнінде де көптеген материалдар жазылды, кітаптар жарық көрді, әлі талай әңгімелер айтылатын болады. Бұлардың жасаған ерліктері біздерге өнеге, қандай ерлік еңбек жасағандарын айтып жеткізуге менің тіл байлығым жетіңкіремейді. Өзім осы салада еңбек етуге саналы ғұмырымды арнаған адам болғаннан кейін, кейбір қиындықтарды(олардың басынан кешірген қиындықтарының ширегіне де тұрмайтын) өзім де көргеннен кейін олардың ерлікке толы рухына басымды иіп тағзым етемін. Халық арасында КЭ «МНГР» атауымен белгілі бұл мекеме 1957 жылы Форт-Шевченко қаласында құрылған деп есептеледі. Құрылған кезінде Трест «МаңғышлақМұнайГазБарлау» деп аталды, 1966 жылы Еңбек Қызыл Ту Ордені берілді, ал 1973 жылы КЭ «МНГР» атауына ие болды, атын өзгертті. 1977 жылы «Октябрь Революциясының 60 жылдығы» құрметті атағы берілді



де, біздің мекеменің ресми атауы «Октябрь Революциясының 60 жылдығы» атындағы Еңбек Қызыл Ту орденді КЭ «МНГР» болды. Екі адам Социалистік Еңбек Ері атағын иеленген, екі адам СССР-дың мемлекеттік сыйлығының лауреаты, үш адам Лениндік сыйлықтың лауреаты, екі адам Қазақ ССР-ның мемлекеттік сыйлығының лауреаты, өте көп адамдар әртүрлі отандық жоғары наградаларды иеленген, Қазақ ССР-ның «Алтын Кітабына» аты жазылған ұжым ғой біздің ұжым. 50-ден астам мұнай мен газ кеніштерін, алаңдарын ашқан ұжым. Сол заманда Ембінің мұнайын ашқан, сол өлкеде еңбек етіп жатырған геолог-барлаушы мамандар, бұрғылау бригадалары, кейде түгелдей бұрғылау конторларымен(Мақаттағы, Құлсарыдағы) бірге Маңғыстауға көшіріліп, КЭ «МНГР»-дың негізін құраған екі мұнай барлау экспедициясын жасақтаған. КЭ «МНГР»-дың 50 жылдық мерейтойы 2007 жылы Ақтау қаласы мен Құрықселосында кең көлемде аталып, тойланып өтті.

Қазақстанның өңірлеріне тарап кеткен көптеген ардагер геолог-барлаушылар тойға жиналды, жылы сөздерін айтып, естеліктерімен бөлісті. Ескі таныстар кездесіп бір кереметтей қуаныш болды. Құрықтағы теңіз жағалауында көп ағаш үйлер тігіліп қонақасы берілді, концерт қойылды, марапаттаулар болды.

***«Маңғыстау геология» Акционерлік Қоғамының(КЭ «МНГР») 50 жылдығын 18-20 май аралығында 2007 жылы Ақтау, Құрық жерлерінде тойлағанда түскен суреттерді беріп отырмын:***



Ақтау. «Жетісу» мейрамханасы. Той дастарханы.

Хайрошев Қажымұрат(МО Төтенше Жағдайлар басқармасының басшысы) , мен, Қазиев Жұмағали(«Ақберен» фонтанға қарсы қызметінің басшысы).



Ақтау. «Жетісу» мейрамханасы. Той дастарханы.

Өтепқалиев Талап, Ізбасаров Айтбай, Шұғаев Серік, Хайрошев Қажымұрат, мен, Қазиев Жұмағали, Ермек.



Ермек екеуміз. Ақтау. «Жетісу». Той дастарханы.



Ақтау. «Жетісу» мейрамханасы. Той дастарханы.

Өтебаев Болат Қабіұлы(сексенінші жылдарда КЭ «МНГР» мекемесінің басшысы болған) екеуміз.





Ақтау. «Жетісу» мейрамханасы. Той қонақтары.

Айгүл Қосанова, Ермек, Ғанипа Садықова.



Құрықтағы теңіз жағасына тігілген ұлттық киіз үйдегі дастархан басында.

Төлеуғалиев Мانتық(марқұм), Аманжаров Нұрсапа, Сариев Базарбай, мен, Салманов Сүйеген(марқұм), Күмісқалиев Есен.



Құрықтағы теңіз жағалауында ашық аспан астындағы салтанатты жиын кезінде.

Рысаев Мударис, Ідірісов Лазарь, мен, Аманжаров Нұрсапа.





Мұнай-газ барлау экспедициясының мамандары(өзімнің ұжымым)мені күтіп алғанда.



Ақтау қаласындағы «Жетісу» мейрамханасындағы той дастарханынан көрініс.

Ұжымдастарым.



Облыстық жер қойнауын қорғау мекемесінің басшысы Орақов Құдайбердінің маған «Алғыс хат» табыстап тұрған сәті. Ақтау қаласы, «Жетісу» мейрамханасы.



Құрық. Теңіз жағалауы. Той дастарханы.

Аманжаров Нұрсапа, мен, Салманов Сүйеген(марқұм).

Мен жұмысқа орналасқан ЖНРЭ дегенің Маңғыстау мұнайын алғаш ашқан, Жетібай алаңындағы атақты №6 скважинадан мұнай фонтанын( 5 шілдеде 1961 жылы) атқызған, бүкіл елімізге Маңғыстауда мұнай бар екенін



дәлелдеген мекеме. Жетібайдан кейін де талай мұнай кенорындарын ашқан, зерттеп, барлап жатырған үлкен бұрғылау басқармасы, терең бұрғылаумен айналысатын, бұрғылау қондырғылары, бригадалары бүкіл Маңғыстау өңірінің барлық түкпірінде жұмыс жасап жатырған мекеме. Үстірттің үстінде де, Ақтөбе облысының, Гурьев облысының, Түркімен елінің, Қарақалпақ елінің шекара аймақтарында да орналасып қазып жатырған бригадалар бар екен. Мен келген кезде ЖНРЭ Жетібайдан Ералиев поселкесіне, жаңадан ғана ашылған Ералиев (қазіргі Қарақия ауданы) ауданының орталығына, көшіп жатыр екен. Ералиевке (қазіргі Құрық) баруыма тура келді. Басшымыз Қазиев Қуан деген орта бойлы, мінезі қаталдау адам екен. Аманжол-12 деген, Бейнеу ауылының қасындағы Владимир Тапаевич Ильясов басқаратын терең бұрғылау бригадасына жіберді. Сонымен менің нағыз геолог-барлаушылық өмірім басталды. Осы сәттен бастап мен 2006-шы жылы демалысқа(инсульт алып денсаулығым жарамай қалғанша) шыққанша тапжылмастан бір мекемеде жұмыс жасадым.

Жұмысқа алғаш барғанымда байқағаным, бұл ұжымда жұмыс жасау менің осыған дейінгі жұмыс жасаған бұрғылау қондырғыларына, ұжымдарына карағанда ерекше екен. Вахталық әдіспен, бір жеті сайын ауысатын жұмыс. Екі вахта он екі сағаттан(күндізгі, түнгі вахталар) ауысып жасайды. Ералиевтен, Жетібайдан АН-2 самолетімен, не болмаса МИ-8 вертолетімен жұмыс жасайтын бұрғылау қондырғысына алып барып вахта алмастырады. Бір жұма бұрғылау алаңында боласың, бір жұма ауылда демаласың. Біздің экспедицияның көпшілік жұмысшылары негізінен Жетібай кентінде тұрғандықтан ұшақтар вахтаның адамдарының жартысын Ералиевтен отырғызып алып, жартысын Жетібайдан алып кету үшін Жетібайдағы алаңға(қолдан жасалған аэропорт) қонады, ондағы диспетчер вахтаның адамдарын ұшаққа отырғызуға дайындап тұрады. Көп іркілместен, адамдарын алған ұшақтар, ары қарай ұша береді. Бұрғылау алаңдары 300-600 шақырымдай қашықтықта орналасқандықтан көбіне 1,5-2 сағаттай ауада ұшатынымыз болады, самолеттің шайқалғанын(качка, воздушная ямалар) көтере алмай талай адамдар еденде домалап, құсып жатады, алаңға құр сүлдерлері әрең жететіндері де баршылық. Кейде ауада ұшып-ұшып бұрғылау алаңын таба алмай(қалың тұманнан), қатты желден алаңға қона алмай ауылға қайтып келетін кездерімізде манағыдай байғұстарға қатты обал, оларды жерге көтеріп түсіріп, ауада демалтып алып қана аяқтарынан жүруге жарайтындай жағдайға келтіруге болады. Құдай қарасқанда менде ондай «ауру» болмады, ауада қанша ұшсақ та маған бәрібір. Кейбір кездері бір жеті бойы бұрғылау алаңын таба алмай, күнде Ералиевтен таңертең ұшып



шығып кешке қарай, күн бата, қайтып келіп жүрдік, сонда да қиналған жоқпын. Бұл да болса АЛЛАНЫҢ маған қарасқаны шығар, осындай өмірге мені дайындағаны шығар. Ұшақпен ұшуға байланысты талай қызықты оқиғалар басымыздан өтті ғой, ұшып келе жатырғанда ұшағымыз бұзылып елсіз далаға қонған кездеріміз де болды. АН-2 ұшағы өте керемет жасалған ұшақ қой, ауада бұзылғандай болса «планировать» етіп, қалықтап барып тегістеу алаңға қона салады. Өте жеңіл, бұрғылау алаңына келіп бұзылып қалған ұшақтардың аяқтарына қатты соққан жел төңкеріп тастамасын деп бұрғылау құбырын байлап, малды шідерлегендей, матап тастайтынбыз. Ұшқыштармен келісіп ауада олардың орындарына отырып ұшақтарды басқарып та көрдік. МИ-8 тікұшағын тек бортына жүк тиеп қана қоймай, астына іліп алып жүк таситын көлікке де айналдырып пайдаландық. Ми-8 тікұшақтарын(тракторлардың өзі жүре алмайтын батпақты алаңдарда) трактордың, автокранның орнына да пайдаландық қой. Тек ұшақтарды ғана емес, армиялық «вездеходтардың» да(баллистикалық үлкен ракеталарды алып жүретін өте үлкен «тягачтардың») да түрлі маркаларына мініп, соларға жүк тиеп тасып, колонналарды «сопровождать» етіп талай пайдаланғанбыз. Тікұшақтар(МИ-4) мен үлкен «вездеход тягачтарды» күнделікті «алып кел, барып кел» сияқты шаруаларға мінетін кездеріміз де болды. Көрмегенді көрдік, естімегенді естідік. Кейбір адамдардың өңі түгіл түсіне де кірмейтін жағдайларды басымыздан өткердік. Геолог-барлаушылық өміріме дән ризамын.

Өндіріс жайында аздап жазайын. Ақкөкемнің айтқандарының барлығы тап сол бойында алдымнан шықпағанымен, көпшілік айтқандары дұрыс екеніне көзім жетті. Экспедицияда жұмыс жасайтындардың басым бөлігі жан-жақтан жиналған(көпшілігі жазаларын Шевченко қаласында өтеп шығып, осы маңда жұмысқа орналасып қалып қойғандар), жанұялары жоқ, жатақханада тұратындар екен. Өртүрлі ұлт өкілдері, кавказдықтар басымдау, орыстар да біршама көп. Көпшілігі «киікқұлақтар», мінездері шатақ. Бұрғылау қондырғылары өте үлкен. Ендігі кезде уақытша болса да, институтта оқығандарымды жинап қоя тұруыма, нағыз қара жұмысты үйренуге тура келді. Бала кезімнен «ақсауақ» емес едім, өндірістік ауылда тұрғанменен қолымызда ұстаған азын-аулақ малымыз болды, түйелеріміз, уақ жандықтарымыз деген сияқты. Солардың барлығының күнделікті күтімі, жем шөбі, суаруы ауыл балаларының міндеті, мойындарындағы шаруасы ғой. Мен де солай өсіп, шаруа жасауға жастайымнан пісіп қалғанмын. Бірақ бес жыл оқимын деп жүргенде ол күйімнен айрылып қалған сияқтымын, әлсіз екенімді бірден сездім. Бұрғылаудың жұмысына әбден піскен өзім

кұралпылас жұмысшы жігіттердің жасаған жұмыстарына шыдай алатын емеспін. Институтта аш құрсақ болып дұрыс тамақтанбағандықтан да болар. Куәлді қатты соға алмаймын, жуан ломдармен(біздің ауылда сүймен дейді) құлаштап жерді оя алмаймын, ауыр жүктерді көтере де алмаймын. Тростарды(болат арқандарды) жақсылап байлай алмаймын(ауылда «қазық бау шалып» байлағаннан басқа үйретпепті) ... Ой, не керек, білмейтіндерім өте көп екен, әлім жетпейтіндері одан да көп. Осы сияқтылардың барлығын үйрену үшін оқығандарымды уақытша ұмыта тұруға тура келді. Бірақ соншама «қара жаяу» да емеспін, бұған дейін өндірістік тәжірибеден өткенде жинақтаған тәжірибелерім де пайдаға асып жатырғаны жасырын емес. Көп уақыт өтпей-ақ ысыла бастадым, ауыр куәлға да, жуан ломға да күшім жете бастады, қалай пайдалану тәсілдерін де меңгере бастадым, тростардың(жуандарын да, жіңішкелерін де) жақсылап байлап, түрлі әдіспен өре де алатын болдым. Күнделікті көріп, пайдаланып жүрген құралдарымыздың біз оқығаннан басқа да лақап аттарын(көпшілігі тұрпайылау) біліп алдым. Нағыз өмір енді басталды, бұған дейінгілердің барлығы да тек осы өмірге дайындық қана екенін білдім. Қазатын ұңғыларымыз жердің қойнауындағы күрделі қабаттарды қазып өтіп, үлкен(3500-4500 метр) тереңдіктерді зерттеуге, сол терең қабаттарда жатырған пластардан(бұған дейін зерттелмеген) мұнай мен газ қорларын іздестіру үшін қазылады екен. Бұған дейін менің жұмыс жасаған жерлерімдегі қазылатын ұңғылар терең емес(1800-2500 метрдей ғана), әрі жер қыртысы мұқият зерттелген, мұнай мен газды өндіру үшін ғана қазылатын ұңғылар еді. Олардың қазылуы технологиялық тұрғыдан да, геологиялық тұрғыдан алғанда да өте оңай болатын, әлдеқалай бір көлденең келеңсіздіктер кездесе қалмаса. Ал мына ұңғылардың қазылу технологиясы да, геологиясы да өте күрделі еді. Ешкім алдын ала зерттемеген алаңдарға тыңнан бұрғы салып, жер қыртысын зерттеу дегенің өте салмақты жауапкершілік болатын. Қазу барысында, ұңғыны әрбір метр тереңдеткен сайын кез келген қатерлерге дайын болуың керек, геологиялық зерттеу жұмыстары да(каротаж, керн алу, қабаттарды сынау-ИПП жасау ...) өте көп, күрделілігімен ерекшеленеді. Геологиялық тұрғыда күрделі, зерттелмеген жер қыртыстарын өту және бұндай жаңа алаңдарды қазу технологиясы нақтыланбаған жағдайда әртүрлі (ауыр, жеңіл) апаттардың келеңсіздіктердің жиі орын алып жатуы заңды құбылыс, қаншама болдырмаймын дегенмен де болып тұратыны белгілі. Сондай апаттармен, келеңсіздіктермен жағаласа жүріп тәжірибе жинақтайсың ғой. Мен де тап осы мектептен, өмір мектебінен өте бастадым. Қиыншылықтар көп болды. Қиыр шетте, маңайда жүздеген шақырым жерде ешқандай елді мекен жоқ қиянда бір бұрғылау

қондырғысы жұмыс жасап тұрады. Автономиялы түрде. ЖНРЭ экспедициясының бұрғылау қондырғылары осылайша жеке-дара тұрып жұмыс жасайтын, бір қондырғымен екінші қондырғының арасы өте алшақ болатын, кей кездері ғана араларында оншақты шақырым ғана болатын бұрғылау бригадалары іргелес орналасатыны да болады, бірақ бұл ұзаққа созыла қоймайды. Бригадалар үлкен тереңдіктерге қазады деп айттым ғой, соған сәйкес қондырғылардың жабдықтары да(буровое оборудование) өте салмақты, ауыр, тұрпаттары үлкен болатын. Қаншама қуатты дизельдер болатынын жоғарыда жаздым, соған сәйкес ол дизельдердің қуатын пайдаланатын жабдықтар да аса зор болып келеді. Мен жастайымнан техникаға әуес болып өстім, алтыншы класстан бастап мотоцикл(Ковровец) айдадым, машина, трактор да айдап үйрендім. Электр тогының да қыр-сырын ерте меңгердім. Әрі институтта қосымша оқып комбайнер-тракторшы, шоферлық мамандықтарды да алдым ғой. Сағызда жүргенімде 8-ші класстан кейін, жазғы үш ай каникулда мұнай өндірісінде оператордың көмекшісі болып жұмыс та жасап көргенім бар. Солардың барлығы бұрғылау бригадасында қара жұмыс жасап(бұрғышының көмекшісі, бұрғышы, бұрғылау шебері) жүргенімде өзінің пайдасын тигізді. Мен бұрғышы көмекшісі болып алғаш келген бұрғылау қондырғысының басшысы, шебері менің сондайға әуес екенімді біліп, тракторға, машинаға қатысты шаруаларға мені жұмсайтын болды. Тракторшы немесе шофер ауылға демалысқа кеткен кездерде мен оларды жоқтатпай техникаларында жұмыс жасай беремін, керек жабдықтарды сүйреймін, тартамын, тиеймін, тасимын ... әйтеуір тыным көрмеймін. Өзімнің негізгі жұмысымды да ұмытпаймын. Дәнекерлеуді де(сварка) тым жақсы меңгеріп қалдым. Бұл үйренгендерім біраз жылдар өткеннен соң(қатардағы инженерден бастап басшы болып жұмыс жасаған кездерімде де) да пайдасын тигізіп жүрді, қандайма жұмыс болса да дәрежеме қарамастанауызша айтқаннан гөрі қолыммен жасауға тырысып кіріп кететін едім. Қиындықсыз жұмыс бола ма, менің жұмыс жасаған өмірімде де қиындықтар көп болды. Бірақ ол қиыншылықтарды біздің алдыңғы буын ағаларымыздың өміріндегі қиыншылықтармен салыстыруға(тұрмыстағы да, өндірістегі де) болмайтындай еді. Қиналған кездерім де болды, бірақ бәрі де уақытша қиыншылықтар еді.

Міне, мен осылайша барлама бұрғылауға келген болатынымын.